



Сансыз себептерге байланысты әлемдегі саяси толқулар, қалыптасулар, пікірлер мен көзқарастар қарама-қайшылығы халықтың бүтін іргесін сәгіп отыр. Бабадан қалған тәмілде ет бұзылса түз себетіні айтылған, алайда нақтылы емес ғылымға тенелетін саясаттың «жарасы» өзгені ұшындырмаса, өзіннің басын қисаюы екіталай. Сондықтан болар, А.Суворов «Саясат – сасып кеткен жұмыртқа» деп анықтама берген. Мұнымен не айтқымыз келгенін ішініз сезсе керек, сонғы айда Еуроодаққа мүше мемлекеттің бірі Арменияда оппозиция басшысы Н.Пашинянның ұйымдастыруымен бейбіт барқыт революциясы өтті. Біртүтас бірлесті елдердің қатарындағы армян халқы неге ашуланды? Оппозиция өкілдерінің жиналыс бас көтеруіне қандай саяси ахуал әсер етті?

Сәуір айы Арменияның экс-президенті Серж Саргсян үшін аса тәуір болмады. Табаны күректей он жыл бойы президент болған ол Ұлттық жиналыстың арнайы жиынында елдің премьер-министрі, ал Армен Саркисян Армения тарихындағы төртінші президент болып сайланған еді. Жана конституция бойынша, билік парламент пен үкімет қолында болады, ал парламент тағайындайтын президент билігі өкілеттік ғана. Даудың басын бас-таған «Дайрабайдың қок сиыры» – осы жиын. Естеріңізде болса, 2015 жылы бұл мемлекеттің конституциясына өзгерістер енгізіліп, ел басқару президенттік биліктен парламенттік жүйеге ауысқан болатын. Ал президент жеті жыл мерзімге сайланады.

Экс-президент С.Саргсян одан әрі мемлекет билігін өз қолында ұстау үшін премьер-министр қызметіне ауысу керек болды. Айдын басында билік-тен кеткен ол биліктің түт-қасын өзінен басқаға ұсынғысы келмеді ме, әйтеуір премьерлікке де өзі отырды. Осы әрекетіне ызаланған халық оның бұл тандауына қарсылық білдірді. Ойткені ол бұған дейін президенттіктен кетер алдында ел басқару ісіне аралас-пайтынын мәлімдеген. Ұәде орындалмады. Наразы топтың ойынша парламенттік жүйеге қосқан елдің билігін ол өзінің ұысынан шығар-ғысы жоқ. Осыны ұққан қарсы топ-тың басшысы Н.Пашинян Ереванның орталығында наразылығын білдіріп, үкімет ғимаратына кіруге мүмкіндік бермеген. Өз жақтас-тарың революциялық әрекетке баруға үндеп, аланға 40 мыңнан астам- адам жинап, бұрын-сонды болмаған үлкен қолемдегі шеру ұйымдастырды. Наразылық акция-лары Ереванмен шектеліп қалмай, Гюмри, Ванадзор тәрізді ірі қалаларға да тарады. Апта басында митинг-тер шарықтау шегіне жетіп, демонстранттар жағына кезінде Ирак, Ауганстан, Косоводағы со-ғыстарда шындалған беделді де бітімгер әскер бригадасы да қосылған. «Бәрі қосені жақтады» дейді Брюссельдегі Карнеги-Еуропа институтының Кавказ аймағы- жоніндегі сарапшысы Томас- де Валл. Он күнге созылған ереуіл кезінде жүздеген адам ұсталып, жаракат алғандары да болған. Басты мақсаты – елдің жана премьер-министрі Серж Саргсянның биліктен кетуі. Билік басында отырғандарды түбегейлі өзгертуді ұсынған оппозиция өкілдері мақсатына жетпей тұнбады. Он күнді қамтыған наразылық акцияларына байланысты апта басында отс-тавкаға кетті.

- Қазір қалыптасып отырған жағдайға қатысты әртүрлі шешім қабылдауға болар еді. Бірақ, мен ондай- әрекеттердің ешқайсысына бармаймын. Никол Пашиняның айтқан-ы дұрыс. Мен жанылдым. Ел басшысы, Армения премьер-министрі қызметінен кетемін, - деп өз еркімен портфелін тапсырды С.Саргсян.

Рас, сырттан келген қауіптен гөрі бүйірлей шектесіп, бірлікке іріткі салған өкігалар өлдеқайда қауіпті. Арменияның экс-президенті түпкілікті шешімін қабыл-дағаннан кейін Беларусь президенті А.Лукашенко ондағы «бар-қыт- революциясы» туралы «Міне, бізді осылай бір-бірлеп кетіремек» деген пікір білдірді. Қызығы сол, бұл создін астарында қандай кү-пияның барын немесе кімнің саясаты «сойлеп» тұрғанын аңғару қиын. Шамасы Еуроодақ мемлекеттерінің «мойны» саналатын Ресейд-і мензеді ме екен?! Ойткені бір жолдауы кезінде «Ақылға келіп, мәселені бірге шешудің орнына, бір-біріміздің жағамыздан алып өзімізді-өзіміз сабап жүрміз» деген болатын. Осыған қарап, револю-цияның саяси ренкін жобалауға болаты-н секілді. Бұл ретте Ж.Бала-сагүнидің «Халық бұлнсе, саясат тұзейді» деген созінің мағынасын кері айналдыруға тура келеді.

Бейбіт аяқталған революциядан кейін премьерлік постқа экс-премьер Карен Карапетянды кері қайтарды. Әзірге Арменияның болашағы хақында кесіп-пішіп бір болжам айту қиын. Дегенмен, бұл онтүстіккавказдық мемлекеттің

парламенттік республикаға айналгандықтан, онда көп кешікпей мерзімінен бұрын сайлау өтуге тиіс.

А.НҮРТАС